

болады. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Қайғы сол: өз жолын шу дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады», деп нақтылап көрсетеді алты алаштың арысы Жүсіпбек Аймауытов. Өзін-өзі тәрбиелеу-адамның жеке басын жетілдіре түсу жолындағы әрекеті. Өзін-өзі тәрбиелеудің бағыт-бағдары адамның өмірлік мұратына, яғни оның болашақ кейпін елестетуіне тәуелді. Бұл аксиологияны бүкіл әлем мойындауда. Ал бізде... Тұлғаның өзін-өзі тану теориясының негізін салушы К. Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі танып білуі – адамның өзінің барлық тұлғалық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін толық ашуға және дамытуға үздіксіз ұмтылысы. Адам баласы өзін жақсы көрсе ғана, айналасындағыларды жақсы көре алады. Бұл - өзіндік сананың маңызды элементі. Өзін-өзі қастерлей білу – адамның жеке басының құнды болуы үшін аса маңызды сипат.

«Егер естілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал: Сол алдағы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен... өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің бе? Жоқ болмаса, не қып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» (Абай).

Ендігі мақсат – ойлаған дүниенді іс жүзінде жүзеге асыру. Көкірегі ояу оқырман жылт еткен дүниені қалт жібермейді деген ойдамын. Дөңгеленген дүниенің уақыт арнасында ең бақытты жан болайық!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу.-Сынып жетекшісі,2006.
- 2 Психология и педагогика. /Под ред. С.А. Хмелевской. 2002.-176 с.
- 3 Педагогика. Уч.пособие для студентов пед.вузов и пед.колледжей /под ред. П.И. Пидкасистого. – М.: 2004. – 608 с.
- 4 Станкин М.И. Психология общения: курс лекций. – М.: 2007. -304 с.
- 5 Интернет желісі. Уикипедия сайты.

ӘОЖ344.079: 419

Сейткулов Н.А¹, Битұрсын Ғ.Ш.²

¹п.ғ.д., профессор, Сулейман Демирель атындағы университет, Ғылыми істер жөніндегі проректор, Алматы, Қазақстан

e-mail: nurlybek-2010@mail.ru

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Тарих және құқық институтының директор орынбасары, Алматы, Қазақстан

e-mail: Galimqan_1980@mail.ru

МӘҢГІЛІК ЕЛ САЯСАТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Аңдатпа. Мақалада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты Ұлт жоспарындағы «МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық актісі жобасы негізінде пікірлер баяндалады. Мәңгілік елдің елдігін берік етіп, абыройын асқақтату жолында мемлекеттік тілдің беделін көтеру мәселесі алға тартылады.

Түйін сөздер: Мемлекет, мәңгілік ел, демократия, мемлекеттік тіл, өркениет, идея, қарарлар, саяси шешімдер.

XX ғасырдың соңында егеменді еліміздің іргетасы қаланған болса, XXI ғасырдың басы қазақ халқы үшін тарихи кезеңдердің жиынтығын құрап келеді. Өткен 2015 жылы қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекетіміз республика деңгейінде атап өтті. Биылғы жыл Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл толған мерейлі жыл ретінде тарихымызға еңбек. Ал, келесі 2017 жылы бұрынғы ТМД мемлекеттерінің ішінде тұңғыш өткізілгелі отырған «ЭКСПО-2017: Халықаралық мамандандырылған көрмесі» әлем жұртшылығына есігін айқара ашпақ! Арада өткен ширек ғасыр ішінде егеменді еліміз өзінің елдігін құрып, әлемдік аренада өз орнын қалыптастыра алғандығы шындық. Осы мерзім ішіндегі мемлекет деңгейінде атқарылған ауқымды шаралар мен қабылданған маңызды қарарлар мен шешімдердің түпкі түйіні – Ұлы дала елін өркениетке бағыттау болып табылады. Өркениет биігіне көтерілудің бір тетігі – байырғы халықтың төл тарихы мен мемлекеттік тілін ұлықтай білу екендігі белгілі. Өркениетті елдер мемлекеттік тілін ту етіп көтереді. Себебі, қай мемлекеттің болмасын мемлекеттік тіл елдің шығу тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптары мен теңдесіз тарихи құндылықтарын дәріптейді. Осы баға жетпес ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан сан-ғасырлық құндылықтар мемлекеттік тілдің негізін құрап, содан нәр алады. Қай мемлекет болмасын өзінің күнделікті тіршілікте қарым-қатынас жасау, сөйлеу мәдениетін тек ана тілінде ғана қалыптастыра алады.

Мемлекеттік тіл оны дамыту тұрғысындағы басым бағыттарды Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев әрқашан назардан тыс қалдырған емес. Осы орайда Елбасы 2013 жылдың 24 сәуірінде өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан-2050» стратегиясындағы ең басты 7 басымдықтың бірі – «Жаңа Қазақстандық патриотизм». Мемлекеттік тілді білмей «толыққанды патриотпын» деу мүмкін емес» - деп мемлекеттік қызметкерлерге мемлекеттік тілді меңгеруді жүктеген болса [1], 2014 жылдың 17 қаңтарындағы **«Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»** атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мәңгілік ел» идеясын ұсынып, мемлекеттік тілді мәңгілік тіл ретінде қалыптасатынына баса назар аударған болатын. Елбасы өз сөзінде: «... Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн» - деп мемлекеттік тілдің болашағын біржола бағамдап, нүктесін қойды [2].

«Ана тілің арың бұл - ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» дегендей ана тілі яғни мемлекеттік тіл заман талабына сай қоғамның барлық қызметкерлеріне қызметтік міндеттер мен іс-құжаттарды жүргізуге және орындау үшін ортақ құрал. Сөйлесу арқылы адам баласының ішкі дүниесін, мінез-құлқын, адамгершілігін, парасаттылығы мен біліктілігін пайымдауға болады. Ақыл, парасаттың көзі – терең ойда. Қазақ қоғамында билік айтып даулы мәселелерді шешіп төрелік көрсеткен қазылардың шешен атануы – мемлекеттік тілдің яғни қазақ тілінің ондағы сөз қорының байлығы мен терең мағыналылығын ашып, бұқара халықтың санасына жеткізе білуінде. Терең ойлап, парасатты пікірлерімен өзгелерді өз аузына қарата білетін жастар үшін мемлекеттік тіл қатынасы - өткеннен өнеге, келер ұрпаққа ұлағат болып қала бермек.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғанға дейін Ресей империясының құрамында болып, мемлекеттік тіліміздің құлдиға құлдырап, көптеген терминдердің мәнін терең оқыту

мәселесі көш артта қалып қойғаны рас. Ал, Ресей империясының құрамына енгенге дейін мемлекеттік тіліміз дана халқымыздың арасында шарықтау шегіне шығып, шешендік өнерге ұласқаны ақиқат. Шешендік өнер қарым-қатынас құралы ретінде қоғамдық-саяси, ресми-іскерлік, өнер және мәдени салалардың бәрінде қолданылады. Сондықтан мемлекеттік тіл мәселесіне келгенде бір-бірімізді жазғыра бермей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара ортақ мәселеге біріге күш салып, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асыруға атсалысқанымыз жөн деп санаймыз. Ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан рухани құндылықтарымыз, халқымыздың төл мәдениетінің тамырын тереңнен іздеп, басқа ұлттың тарихынан емес, қазақ халқының біртуар сөзге шешен, ақылға бай, тумысынан зерек ойлы, бала биден дана би дәрежесіне дейін бұқара халықтың көңіліне кір салмай өткен дана бабаларымыздың дара жолдарын заман талабына сай жаңғырта отырып тиімді пайдалана білсек, талабы жаңарған жаңа замандағы «Мәңгілік ел» атты жаңа Қазақстанның үлгісін әлемге айғақтайтын боламыз. Осы орайда М.Горький: «Тіл тазалығы үшін, мағына дәлдігі үшін, тіл өткірлігі үшін күресу – мәдениет құралы үшін күрес екендігін, бұл құрал неғұрлым өткір болса, соғұрлым жеңімпаз болатындығын айтып, сөз құдіретін бағалай келе шешен сөйлеу мәдениетіне мән береді.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді қолдау саясатын жүргізу барысында көптеген азаматтар тілді тек «аса маңызды қатынас құралы», өзара түсінісіп, пікір алысудың тәсілі, рухани мұрамызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп қана отырады дап түсінеді. Ол түсінік жеткіліксіз. Адамзат өміріндегі тілдің мән-мағынасы мен қызметі, міндеті мен мүмкіншілігі бұлармен ғана шектелмейді. Мемлекеттік тіл өркениеттілікке жетуге, кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қағидаларын насихаттауға шексіз қызмет атқарады. Осы бағытта алып қарағанда біз қылмыстық процесте мемлекеттік тілдің рөлін арттыру барысында мемлекеттік тілді мәдениеттің негізі өзегі деп зерттей аламыз.

Көрнекті ақын жазушы Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінде шешендік сөзді төмендегіше:

бірінші- шешендер халықты аузына қаратып, нандырып мемлекет ісіне қарар шығарту мақсатпен сөйлеген сөздерін саясат шешен сөзі;

екінші – шешендер сотта айыпкерді ақтау немесе қаралау мақсатпен сөйлеп, сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздерін билік шешен сөзі;

үшінші – біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошаметтеп, сөйлеген сөзін қошамет шешен сөзі;

төртінші – білімділердің, ғалымдардың пән мазмұнды сөйлегенін білгір шешен сөзі;

бесінші – дін жайынан сөйлеген ғұламалар мен молдалар сөзін уағыз [3,223б.] - деп шешендік тілдің қолданыс қызметіне байланысты, бес түрге бөліп, маңыздылығына жеке-жеке талдау жасаған. Бұл шешендік өнердің әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен сипатталатындықтан шешендік сөзге дайындалудың ерекшеліктері де әртүрлі болады.

Заманында Аристотель күллі адам баласының белгілі дәрежеде шешендіктану іліміне қатыстылығын анықтай келе: «Кәсіби іскер бизнесмен, заңгер, саясаткер, менеджер, дін саласын уағыздаушы өз кәсібінің шарықтау шегіне жеткісі келсе, өз ана тілінде сөйлеу өнерін (сөйлеу мәдениетін) жете меңгеруі тиіс. Себебі оларға халықпен үнемі қарым - қатынас жасауға, әңгімелесуге, кеңес беруге, шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу үшін, не айтатынды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Іскер маман өз сөзінің ерекшеліктерін көз

алдына елестете білуі, тыңдаушыларға әсер ететін сандаған факторларды ескеруі, сөйлеу мәдениетін меңгеруі тиіс» [4, 29 б.]- деп өз ойын түйіндейді. Сонымен бүгінгі таңда мемлекеттік тілді көтеру – қажеттілік. Бұл қазақ қоғамы үшін заңдылық та, себебі тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті іскер адамдарға қоғамның қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қазіргі қоғамның мәдени даму сатысы біздерден кең тұрғыда алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білуді, жаңа заманның даму заңдары бойынша кәсіби қимыл-әрекетті үйлестіре білу қабілеттілігін талап етеді. Кәсіби сөйлеу мәдениетіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Сондықтан ананың ақ сүтімен бойға дарыған мемлекеттік тілдің мәңгілігін сақтау үшін оның мәртебесін әрқашан биікке көтере білу біздер және кейінгі ұрпақ үшін азаматтық борышымыз деп қабылдауға болады. Қорыта айтқанда, жоғарыдағы қозғалған орамды ойларды ғылыми тұрғыда қорыта келе, Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясын негізге ала отырып, мемлекеттік тіл мәртебесін егеменді еліміздің барлық саладағы бәсекеге барынша қабілетті мамандардың іс-жүргізу және өзара қарым-қатынас құралына сонымен қатар, ана тіліміздің мәдениетін өзге мемлекеттер қызығушылық танытатындай деңгейде қалыптастыру қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының XX сессиясында сөйлеген сөзінен. Айқын газеті. 24 сәуір 2013ж. №73(2228)
- 2 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауынан. Астана, 2014ж.
- 3 А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы 1987. - 223б.
- 4 Қыдыршаев А. Іскерлік шешендіктану қағидалары, Орал 2007. – 29б.

УДК 061.213; 329.728

Төлен Ж.М., Туленова С.

*С.Демирел университеті, әлеуметтік ғылымдар кафедрасының
ассистент профессоры, саясаттану Ph.D. докторы,
E-mail: tolen.zh.kz@gmail.com,*

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, әлеуметтік-гуманитарлық
ғылымдар факультеті. E-mail: sylywaw@mail.ru*

ЖАСТАРДА ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Елім маған не істеді деп сұрама,
мен еліме не істей аламын деп сұра»
Джон Кеннеди

Abstract. To instill patriotism in youth is one of the actual problems of poly-ethnic and multi-confessional Kazakhstan; accordingly, this article deals with civil duty and patriotic education of Kazakhstan's youth. This paper aims to define the extent of civil and patriotic sentiment of youth in Kazakhstan.